



ISSN 1728-5461

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы,
Серия «Исторические и социально-политические науки»
№ 4 (19), 2008



Алматы

РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА ДОРЕВОЛЮЦИОННОГО ПЕРИОДА

ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ ДАЛАЛЫҚ ЖӘРМЕҢКЕЛЕР

(XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы)

Т.Ә.Нұрпейісов -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың тарих факультетінің деканы

Қазақстанда сауда қатынасының, әсіресе жәрмеңке саудасының дамуы революцияға дейінгі қазақ ауылының әлеуметтік-экономикалық тарихында маңызды орын алатын мәселелердің бірі. Бұл мәселені қазіргі таңда зерттеудің тарихи маңызы болып отыр, өйткені өзінің егемендігін алғанына аса көп уақыт болмаған Республикамыздың экономикасы нарықтық қатынас жүйесі бойынша дамып келе жатқан кезеңде халқымыздың өткен тарихынан сауданың даму жолын біліп, тәжірибесін пайдалана білгеннің ешқашан да артықтығы болмас еді.

Революцияға дейінгі Қазақстандағы сауданың даму тарихын зерттеп қалам тартқан Литвинова А.К. /1/, Қасымбаев Ж.Қ. /2/ және т.б. ғалымдар өздерінің ғылыми мақалаларында Қазақстандағы жалпы сауда қатынасының дамуы мәселесін қарастыра отырып, оның ішінде жәрмеңке саудасына тоқталып өткен. Алайда, жәрмеңке саудасы мәселесі бүкіл Қазақстан бойынша қарастырылатын, қалалық және далалық жәрмеңкелердің қазақ ауылындағы патриархалдық-феодалдық қатынастардың ыдырауына тигізген әсерін арнайы зерттеуді қажет ететін мәселе.

Осыған байланысты біз бұл мақалада мұрағаттық құжаттар мен тарихи әдебиеттерге сүйене отырып, қазақ ауылының патриархалдық-феодалдық қоғамының өзгеріске түсе бастауына жәрмеңке саудасының тигізген әсері туралы әңгімелейміз. Бұрынғы Ақмола, Семей, Торғай және Орал облыстары жөнінде құжаттарды парақтаған кезде біздің көз жеткізгеніміз XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында жәрмеңкелердің қазақ ауылының қоғамдық-саяси өмірінде кең орын алғандығы болды.

XIX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында қазақ халқының Ресей құрамына қосылу процесі аяқталады. Бұл процестің аяқталуы қазақ даласында патша үкіметінің тек саяси билігін ғана үстем етіп қана қойған жоқ, сондай-ақ, қазақ көшпелі қоғамының шаруашылығын капиталистік жолмен дамып бара жатқан Ресей экономикасымен тығыз байланыстыра түсті. Біздің өлкеміздің патшалы Ресейдің шаруашылық өміріне тартылуы қазақ даласындағы товар-ақша қатынасының дамуын күшейткен орыстық товарлы-өнеркәсіп капиталының өрісін кеңейте түсті. Сөйтіп, қолөнердің, сауданың, жалпы алғанда ауыл шаруашылығының дамуына өте үлкен жағдайлар жасалынды. Ресей империясының отары болып отырған Қазақстанның ауыл шаруашылығы бірте-бірте, ақырындап капиталистік сипат ала бастады. Қазақ ауылдары мен орыс поселкелерінің, қалалардың арасындағы экономикалық байланыс күшейе түсті.

Қала мен селонь арасындағы экономикалық байланыс сауда арқылы, әсіресе, жәрмеңке саудасы арқылы орнады. Қазақ даласындағы жәрмеңке саудасының ролі туралы Дала генерал-губернаторы 1883 жылғы патшаға берген есебінде былай деп жазады: «Жалпы алғанда, географиялық орналасуы жағынан біздің Орта Азиямен сауда жолымызда жатқан, мемлекеттің құрамына кіретін Дала генерал-губернаторлығы өте кең өлкені алып жатыр. Даланың көшпенді тұрғындары сауда керуендерін жүк тасымалдайтын көліктермен камтамасыз етіп сауданың өрістеуіне жағдай жасайды, өздерінің қойларын, жылқыларын, ірі қараларын сату арқылы мемлекеттің азық-түлік қорын молайтуда. Ал мал шаруашылығының өнімдеріне Европалық Ресейдің шығыс губернияларынан, Сібірдің жақын маңдағы аймақтарынан зауыт өнеркәсібінің товарларын айырбастап алады. Бір жарым миллиондай көшпелі тұрғындар Ресейдің ауыл шаруашылығы, қолөнер және мануфактуралық өнеркәсіптік өнімдерін өткізетін орасан зор тұтыну рыногы болып табылады» /3/. Алғашқы жәрмеңке саудасы Қазақстанда XIX ғасырдың 30-шы жылдарында-ақ жұмыс істей бастады. 1832 жылы Бөкей ордасында бірінші жәрмеңке

ұйымдастырылды /4/. Бірақ, сауданың бұл түрінің дамуы XIX ғасырдың 80-90-шы жылдарында анық байқалды. Ресейде капиталистік қатынастардың дамуы қазақ көшпелі ауылының патриархалдық-феодалдық жүйесіне өзгеріс енгізіп, қазақ даласында товар-ақша қатынасының дамуына жағдай жасау арқылы орыс капитализмінің «кеңейе» дамуы үшін үлкен роль атқарды.

Жәрмеңке саудасы таза мал шаруашылығы дамыған қазақ даласы үшін басты маңызы бар сауданың түрі болды. Өйткені көшпелі қазақ ауылының тұрғындары үшін өте ыңғайлы болды. Олар мал мен мал шаруашылығының өнімдерін өздеріне аса қажетті галантереялық, мануфактуралық, бакалейлік, темір және басқа бұйымдарға айырбастап ала алды. Алысқа бармай, жақын маңда ашылған жәрмеңкелерден бар қажетті бұйымдарын табуға тырысты.

Жәрмеңке саудасының далалық облыстарда жақсы дамыған жерлері Ақмола облысы мен Семей облысы болды. Олар – Семей облысының Қарқаралы уезінде жазда жұмыс істеген Қоянды-Ботов жәрмеңкесі, Атбасардағы Петровская, Ақмоладағы Константиновская, Петропавлдан 120 шақырым қашықтық жерде орналасқан Тайыншакөл және басқа жәрмеңкелер.

Мұрағат құжаттарына сүйеніп айтар болсақ Қазақстанда біз зерттеп отырған кезеңде әр облыста 30-дан 100-ге дейін ірілі-ұсақты жәрмеңкелер мен сауда жасайтын (торжок) орындар жұмыс істеген екен. Жәрмеңкелердің кейбіреуі товар айналымы жағынан облысқа немесе бүкіл қазақ даласына белгілі болса, кейбіреулері жергілікті жерге ғана танымал болған (имели местного значения). Қазақ даласында жәрмеңкенің көп болғаны жөнінде мына деректен анық көруге болады: 1907 жылы Ақмола облысында 100-ден аса ірілі-ұсақты жәрмеңкелер мен торжоктар жұмыс істеп, олардың сауда айналымы 80 миллионнан асқан, оның ішінде сырттан келген заттардың құны 50 миллион сом, сыртқа сатылған заттардың бағасы 20 миллионнан асты /5/.

Қазақстанда сауда қатынасы үш түрлі жолмен жүргізілді: 1) тұрақты сауда – қалалар мен үлкен-үлкен елді мекендер мен селолардағы дүкен, лавка, сауда үйлерінде жүргізілді; 2) қазақ ауылдарын аралап жүріп жасалатын айырбас сауда. Сауданың бұл түрімен көбінесе өсімқорлар айналысты; 3) маусымдық сауда – жәрмеңкелерде жүретін сауданың түрі. Қазақтар үшін де, сырттан келген саудагерлер үшін де жәрмеңкелердің маңызы ерекше болды. Өйткені, қазақ даласында өңдеу өнеркәсібінің нашар дамуына байланысты қазақтар өздеріне қажетті фабрика, зауыт өнеркәсібінің өнімдерін айырбас сауда арқылы таба алса, бұлармен сауда қатынасына түскен орыс, украин саудагерлері көшпелілерге өз заттарын өткізу арқылы кәсіпорындарына қажетті шикізаттарын тауып отырды.

Жәрмеңкелер саудаға түсетін заттардың сипатына қарай көктемде, жазда, қыста, күзде өткізіліп тұрды. Товар айналымының қуаттылығы жағынан жазғы жәрмеңкелер бірінші орында тұрды.

Қазақстандағы ең ірі жазғы жәрмеңкелердің бірі Ақмола қаласында өткізілетін Константиновская жәрмеңкесі болды. Бұл жәрмеңкенің өту мерзімі 21 мамырдан 10 маусымға дейінгі жаздың алғашқы күндері еді. Бұл кез қазақтар жайлауға көше бастайтын уақыт. Жәрмеңке өткізудің мерзімі де осындай шаққа әдейі сәйкес келтірілген.

Жәрмеңке өткізілетін Ақмола қаласы облыстағы халықтың ең саны көп елді мекені болды. Бұл жер тоғыз жолдың торабы, қаптаған сауда керуендерінің түйісер жері болды. Осы жерде бүкіл даланы солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай қиып өтетін, Қызылжар – Ақмола арасын жалғайтын почта жолы (почтовый тракт) аяқталатын еді де, осы жерден Ақмола – Түркістан керуен жолы басталып, Бетпақдала арқылы Оңтүстікпен жалғасатын. Өзінің тұрған жеріне байланысты Ақмола орыс пен азиялық елдер арасындағы сауданың маңызды пункті болды. Жәрмеңке Ақмола облысының терең түкпірлерінен, сондай-ақ Қарқаралы уезінің және көршілес жатқан Жетісу облысының қазақтарының малы мен мал шаруашылығы шикізаттарын және әр түрлі дала өнімдерін алып келді, ал Түркістан өлкесінен (Ташкент, Бұхара) азиялық бұйымдар тасыған керуендер келіп жатса, солтүстік-батыс жақтағы Петропавлдан (Қызылжардан), Қоғаннан, Троицкіден, Челябинскіден, Орынбордан, Омбыдан және Самарадан көпестер келіп өздері әкелген еуропалық бұйымдарын мал мен мал шаруашылығы өнімдеріне айырбастап алып отырды.

Константиновская жәрмеңкесі далалық қазақтар үшін, әсіресе алыс болыстарда тұратын малшылар үшін пайдалы да маңызды болды. Өйткені мал мен мал өнімдерін өткізетін жәрмеңке Ақмола уезі бойынша осы ғана болды. Қазақтар жәрмеңке өтетін уақытты жаздың алғашқы айлары етіп таңдау себебі мынада еді. Ақмола қаласынан қазақ болыстарының орналасқан жерлері өте алыста болды, қазақ ауылдары мен қала арасындағы сауда байланысының ең қолайлы мерзімі, жердің жаңа шыққан көгін

пайдаланып жәрмеңкеге мал айдауға болатын, мал шаруашылығының өнімдерін бұзылмай тұрғанында жеткізуге әбден мүмкін осы жәрмеңке өткізілетін уақыт еді.

XIX ғасырдың аяғына қарай Константиновская жәрмеңкесінің өркендей түсуі товар-ақша қатынасының дамығандығынан, саудадағы ақшаның ролінің өсе түскендігінен болды деп тұжырым жасауға болады.

Оны мына келтірілген дерек дәлеледей түседі: «Движение скота,- деп жазды Ақмола облысының әскери-губернаторы өз есебінде, - с юга на север начинается с конца апреля и к последним числам мая площадь треугольника, образуемого течением рек Нуры и Ишима и границей Каркаралинского уезда (около 40 000 кв. верст) бывает покрыта отарами овец, табунами лошадей и караванами верблюдов с выюками сырых животных продуктов, поступающих из Семиреченской области, южных волостей Акмолинского уезда. С другой стороны Константиновская ярмарка имеет немалое значение и для городских торговцев: киргизы (казахи – Н.Т.) продают свой скот и его продукты на ярмарке, на вырученные деньги закупают для себя в городе все необходимое почти на целый год, т.е. до следующей ярмарки /6/. Тұтынушылардың қажетін өтеу үшін Ақмола қаласында осы кеде (1895 ж.) 221 лавкасы жұмыс істеген екі ірі сауда үйі болған /7/.

Қалалар мен қазақ ауылдарының арасындағы сауда байланысының дамуын дәлелдейтін мұндай мәліметтер мұрағат қорлары мен революцияға дейінгі тарихи әдебиеттерде өте көп кездеседі.

Тағы бір ірі жазғы жәрмеңкелердің бірі Атбасардағы Петров жәрмеңкесі. Бұл да, Константиновская жәрмеңкесі сияқты, малшы қазақтар үшін де, қала саудагерлері үшін де маңызы бар маусымдық сауда орыны болды. Петров жәрмеңкесі Атбасар уезіндегі XV-XVI ғасырлардан белгілі, Жетісудан Сарысу өзенін бойлай Сібір шекараларына дейін өтетін байырғы керуен жолының бойында орналасып, қазақ даласының түкпірде жатқан болыстарын Ресейдің өнеркәсіпті аудандарымен байланысқа түсіріп отырды. Жаз айларының 10 маусымынан 5 шілдесіне дейін жұмыс істеген жәрмеңкенің товар айналымы жыл өткен сайын ұлғая түсті. Сауда айналымының өсе түскенін төмендегі көрсеткіштерден анық көруге болады. Егер 1880 жылы Петров жәрмеңкесінде сатылған мал мен мал өнімдерінің бағасы 84,5 мың сом болса, ол 1892 жылы 580 мыңға жеткен, немесе жеті есеге өскен /8/. Мал мен мал бұйымдарының жәрмеңкедегі сауда айналымы 1895 жылы сырттан келгеннің (по привозу) бағасы 1 млн. 066 мыңға, сыртқа кеткені (по сбыту) 781 025 сомға жетті /9/.

Ақмола облысындағы үшінші ірі жазғы жәрмеңке Қызылжар қаласынан 120 верст (верст – шақырымға жуық ұзындық өлшемі) жерде орналасқан Тайыншакөл жәрмеңкесі болды. Тайыншакөл жәрмеңкесінің дамуында Қызылжар қаласының маңызы орасан зор болды. Қала құрылған кезінен-ақ Ташкент және Бұхара өңірімен айырбас сауда арқылы танымал болған елді мекен болатын. Ишим (Есіл) қазақ шебі құрылып, оған қазақ отрядтары әскери бекіністер салып орнығып алғаннан кейін, қазақ даласы патша империясының билігін түпкілікті мойындап, басын иген соң орыстар мен қазақ ауылдары арасында бейбіт сауда қатынасы орнады. Осындай кезде Петропавл қаласы қазақ ауылынан мал және мал өнімдеріне айырбас үшін әкелінетін сырттан келетін бұйымдардың сақталатын қоймасы сияқты болды. 1895 жылы Петропавл қаласының ғана товар айналымы 10 млн. сомнан асты /10/. Бұл көрсеткіштен қала мен жәрмеңкенің арасындағы тығыз сауда байланысын көруге болады. Қаланың және оның уезінің саудасы негізінен мал мен мал өнімдері саудасы болды. Ресейден келген скотопромышленниктер (малды сатып алып-қайта сатумен айналысушылар) Тайыншакөл жәрмеңкесі мен қаланың өзінде мал және мал өнімдерін топ-тобымен, толайым (оптом) сатып алумен шұғылданды. «Реформадан кейінгі кезеңдерде сауданың қарқындылықпен өрістеуіне Санкт-Петербургтен, Москвадан, Қазаннан, Уфадан және Ресейдің басқа да ірі қалаларынан келген көпестер көп жағдайлар жасады. Олар қазақ даласында өнеркәсіптік бұйымдарға толы дүкендер ашты, агенттері қазақ ауылдарын аралап, өнеркәсіп үшін қажетті ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алып, оларды Нижний Новгородтың, Ишимнің, Ірбіттің жәрмеңкелеріне қайтадан қымбат бағаға сатты. Петропавл көпестерінің сауда қызметінің маңызы артып, товар айналымы өрістей түсті» /11/.

Ақмола мен Қызылжар арасын, Қарқаралы мен Қоянды жәрмеңкесінің арасын байланыстыратын керуен жолдарының бойында, ашық далада, Сандықкөл, Қоскөл, Тайыншакөл деп аталтын суы таза, мөлдір көлдердің маңайында орналасқан Тайыншакөл жәрмеңкесінде негізінен мал және мал шаруашылығы өнімдері саудаланды.

Бұл жәрменкенің сауда жасау арқылы байланысқа түсетін аудандары өте көп, аумағы кең болды. Оған мынадай мұрағат деректерді куә болады: Ақмола облыстық басқармасының «Ведомости об экспорте скота и сырых животных продуктов с Омской, Петропавловской и Исиль-Кульской железнодорожных станций» деп аталатын құжатта Тайыншакөл жәрменкесінен сатып алынған бұйымдардың Есіл-көл станциясынан Сібір темір жолы арқылы Ресейдің көптеген қалаларына жөнелтілгені туралы айтылады. Мысалы, 1900 жылы тек қаңтар-наурыз айларында мал және мал өнімдері Есіл-Көлден Тулаға екі рет, Санкт-Петербургке үш рет жөнелтілсе /12/, Омбы темір жол станциясынан Санкт-Петербургке үш, Москваға алты, Ревельге екі, Қазанға бір және Либава қаласына бір рет жөнелтілді /13/. Ал осы мерзімде Петропавл Темір жол станциясынан қазақ даласының өнімдері Москва, С.-Петербург, Екатеринбург, Саратов, Қазан, Краснокутск, Қорған, Рига, Челябинск, Пермь, Самара, Вятка, Томск, Либава және басқа да ірі қалаларға жіберілді /14/. Осылардың ішінде Москваға, С.-Петербургке, Қазанға, Либаваға және Ревельге айына бірнеше рет жөнелтілген /15/.

Товарлар тек Ақмола облысындағы үш ірі жәрменкеден сатып алынған жоқ. Облыста ірілі-ұсақты күзгі және қысқы уақытта өткізілетін жәрменкелер де жұмыс істеді. Атбасар уезінде атакты Петров жәрменкесінен басқа Марийнск қысқы (20-27 ақпан), Покровск көктемгі (17 – 22 наурыз) жәрменкелері жұмыс істеді. Мұндай жәрменкелерге жақын маңдағы қазақ ауылының казактары өздерінің негізгі табыс көзі болып отырған малдарын айдап апарып, алыпсатарлардың, бакалейщиктердің өнеркәсіп товарларына айырбастап, күнделікті тұрмыс қажетіне жарамды заттарын сатып алып отырды.

Қала маңындағы ірі жәрменкелер мен осындай ұсақ жәрменкелер арасында арасындағы байланыс сауданың қыдырмалы түрі (развозная и разносная торговля) арқылы жүзеге асырылды. Қыдырма сауда сауданың қазақ даласындағы ең кең тараған түрі болды.

Петропавл уезіндегі ұсақ жәрменкелердің көпшілігі көктемде жұмыс істеді. Новорыбинск станциясындағы Никольская, Явленск селосындағы Сорокавятская, Петровск селосындағы Алексеевская жәрменкелерінде сауда айналымына түскен бұйымдардың көпшілігі Тобыл губерниясының Ишим, Қорған уездеріне жіберіліп тұрды /16/.

Жергілікті ауылдық, селолық қана маңызы бар ұсақ жәрменкелердің ішіндегі ең қуаттысы Көкшетау уезіндегі Арықбалық көктемгі жәрменкесі болды. Ол наурыздың 8-інен 13-іне дейін жұмыс істеді /17/.

Алайда, уездегі барлық ұсақ жәрменкелердің товар айналымы өте аз болды. Бәрін қосқанның өзінде Тайыншакөл жәрменкесінің сауда айналымына жетпеді. Петропавл уезінің мал дәрігерінің есебі бойынша 1905 жылы Тайыншакөлде Ақмола, Торғай, Семей, Жетісу облыстарының көпестері, Тобыл, Пермь губернияларының және Ресейдің басқа да орталық губернияларының көпестері сауда жүргізген. Жәрменкенің сауда айналымы осы жылы 2 млн. 441 220 сомға жетті /18/.

Қазақ даласындағы ең ірі жәрменке Семей облысының Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрменкесі болды. Мұрағат қорларында жинақталған құжаттарға сүйеніп айтар болсақ, бұл жәрменке өзінің сауда қызметін 1848 жылы Қарқаралыдан 50 верст қашықтықта жатқан Қоянды деп талатын табиғаты сұлу, тоғайы қалың сайда, жаз айының алғашқы күндерінде (мамыр айында) бастады. Қоянды жәрменкесінің ашылуы 1824 жылы Қарқаралы сыртқы дуанының құрылуына орай 1827 жылы орыс казактар Қарқаралы мен Баянауылға келіп қоныстанғаннан кейін Петропавл саудасының ролі күшейіп, осында жиналатын Тобыл, Томск, Кіші Ресейлік, Қазан, Бұхара және Ташкенттік саудагер-көпестер Ұлы Жүздің казактарымен, Құлжамен және Шәуешекпен тікелей байланысқа түсу үшін Жетісуға қарай сауда орнын жылжытуды ойластырды. Семей облысының әскери-губернаторының көмекшісі Маевский есімді патша шенеунігі Қоянды жәрменкесінің ашылу себептерін былай деп түсіндіреді: «Восстание Кенесары остановило движение караванов, но после того, как в 1839 году действовавшим отрядом удалось заставить Кенесары удалиться в Хиву, а затем в последовавших годах в Каркаралинском округе открылась горная промышленность (Благодатский плавильный завод в 1840 г.), в Чугучакской торговле Семипалатинских и Петрпавловских купцов начали принимать участие Троицкие и Казанские купцы, приезжающим в Западную Сибирь азиатским купцам дозволено торговать без торговых свидетельств (с 1845 г.), в среде Петропавловских купцов укрепилось сознание перенести центр торговли на местность, менее удаленную от Китайской границы, чем Петропавловск» /19/. Көпестердің мұндай ойға келуі айырбас сауданың сипатында жатты. Өздерінің темірден, ағаштан істелінген заттары мен мануфактуралық бұйымдарын мал мен мал шаруашылығының шикізаттарына айырбастаған кезде саудаға түскен малдар мен оның өнімдері

айдалып шыққан жерден бастап сатылатын жерге дейінгі ара қашықтықтың алыс-жақындығында, жолдағы шыққан шығынның мөлшеріне қарай бағаланатын. Сондықтан Қазақстанның шығыс жағынан айдалып келген мал мен мал өнімдерінің бағасы көпестерге қымбат көрінді.

1848 жылғы көктемде Ялуторовскілік көпес Варнава Иванович Ботов Құлжадан шығып, Қапал, Аякөз, Бақанас өзендерінен өтіп, Талды-Қоянды сайы арқылы Петропавлға қарай айдалған табынның алдынан шығып, Қарқаралы казак станицасынан 50 верст қашық Қоянды сайында айырбас саудасын ұйымдастырып, Петропавлға қарағанда өте арзан бағаға мал алуды бастайды /20/. Бұл казак саудагерлеріне қолайлы болды. Ботовтың операциясы бақа да көпестерді қызықтырып, 1849 жылдан бастап Қояндыда мамыр айының бірінші жартысында шетелдік Азияның, орыстың, қазақ және басқа да жерлердің көпестерінің сауда жиыны болып тұрды.

Қояндыға жақын маңдағы қазақ даласында тау-кен өнеркәсіптерінің дамуы, сонымен қатар қазақ даласындағы сауданың дамуына мемлекет тарапынан қолдау жасалуы, 1851 жылы Қытаймен байланысқа түсірген Құлжа (тракт) жолының ашылуы, Батыс-Сібір кедендері арқылы астық өнімдерінің ешбір салықсыз қазақ даласына өткізілуіне рұқсат берілуі, Қытай шекарасы мен монғол ұлыстарында сауда жасауға ешқандай салық төленбей, еркін жүргізілуі (1852,1857,1862 жылдарда), 1867 жылғы барлық Азиялық шекарада сатылатын заттардан алынатын салықтың жойылуы, Қазақстанда 1855 жылы және 1862 жылдардағы болған ауыр жұттарға қарамастан, Қоқан хандығына қарайтын казактар тарапынан жиі болып тұрған тонау мен мал айдап кету жағдайларына қарамастан Қоянды жәрменкесінің сауда айналымы уақыт өткен сайын өсе түсті. 1869 жылы жәрменкенің ақша айналымы жарты миллионға жетті /21/.

1869 жылы жергілікті әкімшілік орындары Қоянды сауда орнын ресми түрде жәрменке етіп жариялау туралы іс қозғады. Қарқаралы уезінің іс басқарушысы артиллерияның штабс-капитаны Тихонов пен Семей облысының әскери-губернаторы генерал-майор Полторацкийдің бұл ұсыныстары Батыс-Сібір генерал-губернаторының Бас басқармасының Кеңесінде қолдау тауып, 1869 жылы 12-13 қыркүйектегі шешім бойынша «учредить на урочище Куянды на р. Талды, в 50 верстах от Каркаралы ежегодную ярмарку, наименовав ее в честь первого ее учредителя Ботовской», - деген жолдары бар қаулы қабылданды /22/. Ал 1871 жылы жәрменке үшін казактар пайдаланып тұрған жерден 55 шаршы верст жер бөліну керек екендігі туралы шешім қабылданды /23/.

Ресми түрде жәрменке болып жарияланған соң оның сауда айналымы жыл сайын өркендей түседі. Әсіресе XIX ғасырдың соңына қарай Қоянды жәрменкесінің ролі күшейе түсті. Егер 1899 жылы бұл жерде еуропалық және азиялық товарлар 858 154 сом болып, мал мен мал өнімдері 1млн. 731 708 сомға жетсе, 1907 жылы алғашқылардың бағасы 1мл. 2780935 сомға, ал мал мен мал шаруашылығының шикізаттары 2млн. 722 504 сомға жетті /24/.

Сауда айналымы үлкен жәрменкелер Қазақстанның басқа облыстарында да болды. Торғай, Орал, Сырдария, Жетісу облыстарында жұмыс істеген жәрменкелер де қазақ ауылының патриархалдық-феодалдық тұрмысын өзгертуге көп үлес қосты.

XX ғасырдың басында Торғай, Орал облыстарындағы жәрменке саудасы жандана түсті. Мысалы, 1907 жылы Торғай облысының Қостанай қаласында жәрменке төрт рет, қалған қалаларда екі рет өткізілді /25/. Осы жылғы облыстағы жәрменкелерде сауда айналымы төмендегідей болды: Қостанай уезі бойынша 3 млн. 102 195 сомға, оның ішінде мал мен малдың шикі өнімдері 1 млн. 857 028 сомға сатылды; Ырғыз уезі бойынша – 534 213 сом, Қарабұтақ бойынша – 205 516 сом, Торғай уезі бойынша – 640 349 сом, Ақтөбе уезі бойынша – 471 026 сом болды. Барлығы облыс бойынша 4 млн. 953 299 сомға жәрменке саудасы жүргізілді /26/.

Торғай облысындағы ең ірі жәрменке – Ақтөбе қаласында өткізілетін көктемгі жәрменке болды. Бұған Санкт-Петербургтен, Москвадан, Самарадан, Орынбордан, Перовскіден (бұрынғы – Акмешіт, кейінгі – Қызылорда – Н.Т.), Қазалыдан, Бұхарадан, Хиуадан, және т.б. жерлерден көпестер келіп, Ніжгородтың, Ірбіттің және басқа да ірі жәрменкелердің товарлары әкелініп тұрды /27/.

Орал облысында, егер 1883 жылы небәрі 12 жәрменке жұмыс істесе, 1913 жылы сауда айналымы 45 млн. 189 799 сом болған 20-дан астам жәрменкелер жұмыс істеді /28/.

Орал облысының казактар тұратын бөлігінде екі ірі – Орал және Темір уезіндегі жәрменкелер жұмыс істеді. Орал жәрменкесі жылына екі рет, жазда – 20 мамырдан 20 маусымға дейін, күзде – 15 қыркүйектен 15 қазанға дейін, Темір жәрменкесі де екі рет, жазда – 20 мамырдан 20 маусым аралығында

және күзде – 20 қыркүйек пен 10 қазан аралығында жұмыс істеді. 1912 жылы осы екі жәрменкенің сауда айналымы 3 млн. 872 760 сомға жетті /29/.

Ал Орал облысындағы әскери казачествоның территориясында да он шақты жәрменке жұмыс істеді. Солардың ішіндегі ең үлкені Калмыково селосындағы жәрменке еді. Оның 1910 жылғы сауда айналымы 1 млн. 128 745 сом болды /30/.

Сөйтіп, қазақ даласындағы жәрменке саудасы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында одан әрі дами түсті. Сауданың бұл түрінің кең түрде дамуының нәтижесінде қазақ даласына товар-ақша қатынасының таралу процесі, қазақ ауылына капиталистік қатынастардың енуі жылдамдады. Мұның өзі қазақ көшпелі қоғамының таптық жіктелісін тереңдете түсті. Сауданың дамуы арқылы және қазақ даласында жүргізілген басқа да шаралардың нәтижесінде қазақ ауылындағы мал шаруашылығындағы бар байлық жекелеген адамдардың қолында шоғырланып, көпшіліктің кедейлене түсуіне тура келді.

Қазақстан жәрменкелерінде негізінен Ресей мен Орта Азияның мал сатумен кәсіптенетін ірі байлары өз үстемдіктерін жүргізді. Олар қазақ даласында өз агенттерін – алыпсатарларды және басқа да өсімқорларды ұстады. Солардың көмегімен айырбас – қыдырма сауда арқылы қазақ даласын сүліктей сорды. Өсімқор элементтер арқылы олар өздерінің бұйымдарын сатып, өте көп мөлшерде мал және мал өнімдерін арзан бағаға сатып алып, оларды басқа жактың жәрменкелерінде аса қымбат бағаға қайта сатып, байлыққа белшесінен батып қалып отырды.

Далалық өлкеге Ресей товарлары негізінен Ніжгородтың, Ірбіттің жәрменкелері арқылы әкелінді. Қазақ даласынан айдалған мал қайта сату үшін осы жәрменкелерге шұбырды. Қазақ даласымен сауда қатынасы нығайған соң Ресей жәрменкелерінің де товар-ақша айналымы күшейе түсті. Мысалы, 1817 жылы Ніжгород жәрменкесінің сауда айналымы 26 миллион сом ғана болса, ал 1881 жылы, қазақ даласымен байланыс күшейген соң, ол көрсеткіш 243 миллион сомға жетті. Жәрменкеде саудаға түскен бұйымдардың негізгісі мал мен мал шаруашылығының шикізаты, тері, жүн және т.б. болды /31/.

Жәрменкелердің дамуы қазақ даласында товарлы рыноктың қалыптасуын тездетіп, көшпелі мал шаруашылығының товарлылығын арттырды. Байлардың баюына, сауда буржуазиясының қалыптасуына жағдай жасады. Қазақ даласында баюдың жолына түскен өсімқорлар, делдалдар, алыпсатарлар, приказчиктер, орыс және татар көпестері, азиялық саудагерлер қаптап кетті. Олар көшпелі халықты борышқа белшесінен батырып, аяусыз қанады. Оның әдісі оңай болды. Алыпсатарлар қыдырып жүріп қазақ ауылының тұрғындарына жасалуы жағынан сапасы төмен, ең нашар бұйымдарды қарыз ретінде таратып беріп, бір жылдан соң, немесе, одан да көп уақыттан кейін қарызын мал есебінде қайтарып алып отырды. Көшпенді малшылар болса алыпсатарлардың дегеніне амалсыз көнетін, өйткені олар тек қазақтың көшпелі тұрмысына өте қажет, қат заттарды саудаға салатын. Қазақ ауылының шаруалары қазақ даласында өркен жайып келе жатқан сауда капиталының алдында өте әлсіз және қорғансыз болды. Әсіресе, алыс түкпірдегі қазақ ауылдарында басым болған қыдырма сауда көшпелілерді аяусыз қанады. Бұл қанау сырт көзге онша байқала да бермейтін еді. Өйткені, қазақтар өз өнімдерінің бағасын да, шеттен келетін бұйымдардың бағасын да дұрыс ажырата білмеді. Ал соны пайдаланған көпестер сырттан келетін бұйымдардың бағасын жоғары бағалап, қазақтар шаруашылығының өнімдеріне өте төменгі бағаны қойды. Мысалы, жарты фунт шай үшін, немесе, бір фунт шекер үшін көпес бір үлкен қой талап етті, 15 тиын тұратын бритва (сақал қырғыш) үшін бір қой алды. Ресейде 6-7 сомға алынған самаурынды қазақтарға 20-25 қойға айырбастады /32/.

Қалалық және далалық жәрменкелер тек мал сататын сауда орындары емес, сондай-ақ, олар фабрика-зауыт өнімдерін сататын магазиндер мен лавкалар орналасқан сауда орталықтары болды /33/.

Жәрменкелердің қазақ көшпелі шаруашылығын Ресейдің капиталистік даму жолындағы экономикасымен байланыстыруда ролі зор болды. Қазақ ауылындағы патриархалдық-феодалдық қатынастың құрсауын бұзып, томаға-тұйық шаруашылықты ыдырата бастады.

Қазақ даласындағы жәрменкелер қазақ халқының әлеуметтік-саяси өмірінде де маңызды орын алды. Олар тек сауда жасайтын орындар ғана болып қоймай, сонымен қатар әр түрлі саяси-мәдени оқиғалар болып тұратын орын болды. Жәрменкеге өз бұйымдарын арқалаған саудагерлер ғана емес, қазақ даласының атақты өнер шеберлері – айтыскер ақындар, майталман әншілер, сал-серілер, жезтаңдай шешендер де жиналып, халықтың алдында өз өнерлерін көрсететін. Сөйтіп, жәрменке өтетін жерді қазақ даласындағы «дала театрына» айналдырып жіберетін еді. Мысалы, қазақ фольклорының алтын қорына кірген тамаша айтыстардың бірі – атақты ақын, әнші, сазгер Әсет Найманбайұлы мен қазақ халқының

талантты қыздарының бірі Рысжанның айтысы 1885 жылы Қоянды жәрменкесі болып жатқан кезде өткізілді /34/. Ақындар айтысы, балуандар күресі, сал-серілер ән салып, өнер көрсететін, ат шаптырып бәйге жарысын өткізетін, ата-бабаларына ас беретін де орын болған. Қазақтың атақты балуандары Қажымұқан мен Балуан Шолақ та осындай шақта күреске түсіп, тәжірибе жинап атактары шыққан.

Бізге белгілі Нұрмағамбет Баймырзаұлының (Балуан Шолақтың) французша күрестің шебері, әлем чемпионы, ағылшын балуаны Каронмен белдесіп, оның қабырғасын күйрете жеңуі Көкшетаудың қыркүйек айында өтетін жәрменкесінде болған екен /35/. Оның 51 пуд (816 кг) гирдің тасын көтеретін кезі де осы жәрменкеде болған.

Сөйтіп, қазақ даласында жұмыс істеген жәрменкелердің патша үкіметінің өлкемізде жүргізген сауда саясатын жүзеге асыруда ерекше маңызы болды.

1. Литвинова А.К. К вопросу о формировании национального торгового капитала в Казахстане // Ученые записки КазГУ. – 1957. – Т. XXIII. – С. 135.

2. Касымбаев Ж.К. Роль городов Восточного Казахстана в развитии торговых отношений в конце XIX в. // Изв. АН КазССР. – Сер. общ. наук. – 1976. – №5; Он же. Роль городов Восточного Казахстана в укреплении торговых отношений с кочевым казахским и русским крестьянским населением в начале XX в. // Изв. АН КазССР. – Сер. общ. наук. – 1979. – №6.

3. ҚР ОММ, 64-қ., 1-т., 125-іс, 4-п.

4. Қазақ ССР тарихы. Бес томдық. – 3-ші том. – Алматы, 1982. – 305-бет.

5. Обзор Акмолинской области за 1907 год. – Омск, 1908. – С. 33.

6. Обзор Акмолинской области за 1895 год. – Омск, 1897. – С. 56.

7. Бұл да сонда. – 57-бет.

8. Бұл да сонда. – 60-61-беттер.

9. Бұл да сонда.

10. Бұл да сонда.

11. Петропавловск. Серия «История городов Казахстана»: - Алма-Ата, 1985. – С. 37.

12. ҚР ОММ, 369-қ., 1-т., 10488-іс, 23-п.

13. Бұл да сонда. – 27-п.

14. Бұл да сонда. – 25-32-п.п.

15. Бұл да сонда. – 32-37-п.п.

16. ҚР ОММ, 369-қ., 1-т., 10595-іс, 22-п.

17. Бұл да сонда.

18. Бұл да сонда. – 80-п.

19. Бұл да сонда. – 64-қ., 1-т., 3613-іс, 122-п.

20. Бұл да сонда.

21. Бұл да сонда. – 124-п.

22. Бұл да сонда.

23. Бұл да сонда.

24. Бұл да сонда, 3400-іс, 1-2-п.п.

25. Обзор Тургайской области за 1907 год. – Оренбург, 1909. – С. 7.

26. Бұл да сонда.

27. ҚР ОММ, 25-қ., 1568-іс, 170-п.

28. Обзор Уральской области за 1913 год. – Уральск, 1914. – С. 71.

29. Памятная книжка Уральской области на 1912 год. – Уральск, 1912. – С. 21.

30. Бұл да сонда.

31. Советская историческая энциклопедия. – Т. 10. – М., 1967. – С. 198.

32. Қазақ ССР тарихы. – Бес томдық. – 3-ші том. – Алматы, 1982. – 305-бет.

33. Касымбаев Ж.К. О влиянии города на структуру торговли с кочевым казахским населением (вт. пол. XIX в.) // Социально-экономические отношения в городе и деревне Казахстана: Межвузовский сборник. – Алма-Ата, 1988. – С. 46.

34. Найманбаев Ә. Шығармалары. – Алматы, 1988. – 113-бет.

35. Мұқанов С. Алтын аймақ. – Повестер мен әңгімелер. – Алматы, 1988. – 49-бет.